

**«8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне
іздену үшін ұсынылған Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевнаның «Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын
жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық қырлары (Түркістан
облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың 2022-2024жж. арналған бағытына сәйкес келеді, 6-тармақшасы «Өмір және денсаулық туралы ғылым».</p> <p>Ұсынылған ғылыми жұмыс ғылымның өзекті бағыттарын дамыту және жасөспірім қыздардың денсаулығын қорғау бойынша біздің еліміздің аумағында қолданыстағы Мемлекеттік бағдарламалар аясында құрылған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторант диссертациялық жұмысының мақсаттары мен міндеттері бойынша алынған зерттеу нәтижелері мен қорытындысы ғылымға елеулі үлесін қосады. Түркістан облысының экологиясы қолайсыз аймағында тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығының

			<p>калыптасуындағы медициналық, әлеуметтік, экологиялық аспектілері зерттелген. Жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығының бұзылысына әкелетін себептерді, атап айтқанда әлеуметтік-медициналық аспектілердің сипаттамаларын және қыздардың өмір сүру сапасын бағалады, сондай-ақ экологиялық себептердің репродуктивті денсаулық бұзылысына әкелуші үлесін анықтаған.</p> <p>Жасөспірім қыздардың өмір сүру сапасын, және олардың әлеуметтік-экологиялық жағдайларын сараптау, сондай-ақ қоршаған ортаның топырақ пен ауа, судың құрамындағы зиянды химиялық заттармен ластану дәрежесін бағалау арқылы олардың жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулық жағдайына әсер ету ерекшеліктерін де бағалады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми-техникалық бағдарлама аясында жүрізілгеніне қарамастан, диссертант зерттеу бөлімін жоспарлауға және рәсімдеуге қатысты материалды өз бетінше жинаған, заманауи талдау жасаған, атмосфералық ауаның, судың және топырақтың ластану деңгейін анықтауда және ғылыми жариялымдарды статистикалық өңдеу, талдау және мәліметтерді топтастыру, жасөспірім қыздар арасында сауалнаманы өзі жүргізген. Диссертацияның барлық бөлімдерінің құрылымында логикалық байланыс бар.</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	<p>Қазіргі уақытта медицина, әсіресе профилактикалық медицинаның маңызды және күрделі мәселелердің бірі-денсаулық жағдайындағы өзгерістердің қоршаған орта факторларының әсерімен байланысын орнату және анықтау. Пестициттердің әсерінен жасөспірім қыздардың денсаулық жай-күйінің өзгеруінің сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау аумақтық, әсіресе жергілікті деңгейде тұрғындар денсаулығын қорғау саласындағы саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу үшін негіз болады.</p> <p>Сондай-ақ ауылшаруашылық саласында тұрғындардың антропогендік факторлардың қолайсыз әсерін жою немесе азайту бойынша оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау, тұрғындар денсаулығын қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерінен қорғау, сол аймақта тұрып жатқан жасөспірім қыздардың денсаулық көрсеткіштерін бақылау және репродуктивті денсаулыққа зияны әлеуметтік факторлардың да үлесін анықтау мемлекет саясатының тұрақты даму шеңберіндегі маңыздылығын ескерсек, зерттелетін ауданның нақты экологиялық жағдайын зерттеу, әлеуметтік-медициналық жағдайына баға беру және репродуктивтік денсаулықтың бұзылысына алып келуші зиянды факторлардың әсеріне тәуелділігінің сандық көрсеткіштерін алу маңызды. Осы себепті, Рыскелдиева Кенжегул</p>
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

		Жанысбаевнаның диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі жоғары деп бағалаймын.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын айқындайды, зерттеу жұмысының мазмұнында тақырыпқа қатысты әдеби шолу, зерттеу әдістері, зерттеу нәтижелері, зерттеу қорытындысы мен ұсыныстары және қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалар берілген.
	1) айқындайды;	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді және зерттеу жұмысының міндеттері тақырып пен мақсаттың маңыздылығын ашқан.
	1) сәйкес келеді;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы, мақсаты мен міндеттері, әдеби шолу, зерттеу материалдары, зерттеу нәтижелері, қорытынды және тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар арасында логикалық өзара байланыс бар. Зерттеу жұмысының міндеттерін орындауда өзара үйлесімділік сақтай отырып, бөлімдерді логикалық байланыстырып, біртұтас ғылыми туынды жасақтаған.
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Тақырып бойынша ұсынылған келесі қағидалар: Түркістан облысында тұратын жасөспірім қыздарда туындайтын репродуктивті денсаулығындағы ауытқуларына тұрғын аймақтағы экологиялық қолайсыздықтар мен зиянды әлеуметтік-гигиеналық себептердің қатерлі әсері айқын; Жасөспірім қыздардың
	1) сыни талдау бар;	
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	

		4) талдау жок.	соматикалык және репродуктивтік денсаулығынын аурушандык деңгейі зиянды әсерін тигізетін негізгі экологиялық, әлеуметтік-гигиеналық себептердің қатерлілік қуатына тәуелді; Жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығына мониторинг жасау репродуктивтік денсаулық бұзылыстарының алдын алудың әлеуметтік-медициналық жақсарту шараларының тиімділігін анықтайды. Түркістан облысының экологиясы қолайсыз аудандарында тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын сақтау, динамикасын бақылау және жақсарту шараларын жан жақты қамтамасыз ету диссертациялық жұмыста толық дәлелденіп, сыни талдау жұмыстары жүргізілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ұсынылған ғылыми жұмыстың нәтижелері мен қағидаттары жаңа болып табылады. Докторант К.Ж.Рыскелдиеванын жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер жаңашылдығымен ерекшелінеді. Алғаш рет Түркістан облысында экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығына динамикалық бақылау жасалынды. Зерттеу нәтижесінде экологиясы қолайсыз аймақ пен салыстырмалы қолайлы аймақта тұратын жасөспірім қыздардың арасында кездесетін гинекологиялық патологиялардың жиілік ерекшелігі мен соматикалық патологиялардың ішінде</p>

			<p>негізгі жиі кездесетін патологиялар анықталды.</p> <p>Сонымен қатар, медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздарға арналған сауалнама нәтижесінде репродуктивтік жүйенің бұзылысы бойынша жасөспірім қыздарды қауіп тобына бөлу, оларға көрсетілетін медициналық көмек деңгейі мен профилактикалық шаралар жиынтығы жүйеленіп, талданды. Республиканың авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктермен, сондай-ақ тәжірибелік денсаулық сақтау ұйымдардың жұмысына ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу актілерімен расталды.</p>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысындағы алынған нәтижелеріне сүйеніп жасалған қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу нәтижелері бойынша докторант зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келетін ғылыми негізделген қорытындылар жасады. Жұмыс қорытындылары ғылыми-теориялық дәлелдерге, тәжірибелік нәтижелерге, статистикалық көрсеткіштерге негізделгендігі диссертациялық жұмыста келтірілген қорытындылары толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p>
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	<p>Диссертациялық жұмыстағы автордың басқару шешімдерін қолдануы жаңа және негізделген болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, докторанттың</p>
		1) толығымен жаңа;	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	жасаған ұсынысы экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын қорғау мен бұзылыстарын алдын алуда, қоршаған ортаны қорғауға тиісті мекемелерге басқару шешімдерін қабылдауда кілттік негіз бола алады.
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Алынған зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жинақталған зерттеу материалдарына, зерттеу әдістеріне, мәліметтердің статистикалық өңдеуіне және жоғары сапалы зерттеулер мен жүйелі шолулар жасауға мүмкіндік беретін отандық, шет елдік ғылыми әдеби көздерден тұратын ғылыми тұрғыда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Докторант диссертациялық жұмысында үш негізгі қағидаттарды ұсынған. Ұсынылған қағидаттар зерттеу нәтижесіне сүйеніп жасакталған, статистикалық талдаулармен дәлелденген, тривиальды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең. Рыскелдиева Кенжегулдің диссертациялық жұмысында ұсынылған негізгі қағидаттары бойынша келесідей жарияланымдар жасалған: Scopus ғылыми ақпараттық базасында – 1 мақала; Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми баспаларда – 4 мақала; Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар және халықаралық жас ғалымдардың қатысумен ғылыми-практикалық конференцияларда – 3 мақала
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.			
7.3 Жаңа ма?			
1) ия;			

		<p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кен</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>жарияланған. Жалпы, қорғауға шығарылатын ережелер кестелік және графикалық формаларда ұсынылған көптеген талданған ғылыми материалдармен камтамасыз етілген.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты.</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Ғылыми диссертацияның әдістемесі дәлелденген ғылыми гипотезаны ашуға сәйкес келетін дизайнды таңдаумен және зерттеуді статистикалық өңдеудің барабар әдістерімен анықталады. Диссертант жұмыста қойылған әрбір тапсырманың дизайнын анықтайды. Негізінен деректер базасын зерттеу (зерттеу картасы) және ретроспективті зерттеу, яғни қоғамдық денсаулық сақтауда қабылданған әдістер қолданылды. Жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығына әсер ететін себептерді анықтау мақсатында Пирсон корреляция коэффициентін қолдана отырып, корреляциялық байланыс анықталған. Математикалық модельдеуді қолдана отырып алынған зерттеу нәтижелерімен математикалық-статистикалық өңдеу</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>жұмыстары жүргізілген.</p> <p>Нәтижелерді статистикалық түсіндіруге қатысты қойылған міндеттерге сәйкес нәтижелерді өңдеу көлемін атап өткен жөн. Диссертация мәтінінде жұмыста қолданылатын статистикалық сынақтардың жиынтық кестесі келтірілген және олар таңдалған зерттеу дизайнына сәйкес келеді.</p> <p>Статистикалық деректерді өңдеу Statistica және SPSS 24 көмегімен жүргізілді. Жұптасқан айнымалылардың қалыпты таралуындағы үлгілер арасындағы айырмашылықтарды бағалау студенттің Т-критерийін қолдана отырып жүргізілді.</p> <p>Жұмыс барысында алынған мәліметтер өте сенімді. Жұмыстың бұл аспектісі күмән мен ескертулер тудырмайды.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертация нақты қолданбалы сипатқа ие, мұнда теориялық алғышарттар өз зерттеулерімен расталады.</p> <p>Диссертацияны талдау кезінде әрбір ереже зерттелетін мәселе бойынша заманауи зерттеулерге қатысты көптеген сілтемелермен расталғанын атап өткен жөн. Жұмыста барлығы 174 әдебиет көзі пайдаланылды, олардың үштен бірінен астамы ағылшын тіліндегі әсерлі мақалалар және/немесе жаһандық мониторингтік ұйымдардың интернет-ресурстары болып табылады.</p> <p>Қорғауға шығарылған теориялық тұжырымдар мен негізгі ережелер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар</p>

			<p>медициналық емес детерминанттардың, зиянды микроэлементтердің әсерін және жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын нығайтуға ықпал ететін профилактикалық медициналық тексерулердің тиімділігін ескере отырып, жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын жақсартуға қатысты диссертанттың өз зерттеулерінің нәтижелерімен дәлелденді және расталды.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Барлық мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған, ешқандай болжамдар мен күмәнді түсіндірулер жоқ.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Әдебиеттерге шолу 174 әдебиет көздерін қамтиды, бұл мәселенің өзектілігі мен дұрыстығын ашуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы жұмыстың зерттеу бөліміндегі нәтижелерін облыстағы жасөспірім қыздардың соматикалық және репродуктивті денсаулығын нығайтудың ғылыми негіздерін одан әрі зерттеуде пайдалануға болатынында.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Жүргізілген талдау және зерттеу нәтижелері салааралық, ұжымдық, пәнаралық байланысты жақсартуға және жүкті жасөспірімдердің қажеттіліктеріне негізделген кешенді көмек көрсетуге бағытталған әртүрлі деңгейдегі денсаулық сақтау органдарына, стационарлық медициналық ұйымдардың басшыларына, денсаулық сақтау басқармаларына, сондай-
1) ия;			
2) жоқ.			

			<p>ақ білім беру саласына пайдалануға арналған.</p> <p>Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын бақылау және бұзылыстыраның профилактикасын ұйымдастыру жүйесі – емдеу-профилактикалық ұйымдағы акушерлік-гинекологиялық аймақтардың жұмысын ұйымдастыруда қолдану, жасөспірім қыздардың репродуктивтік бұзылыстарын ерте анықтауға жол ашты және олардың асқынуларға алып келуін тоқтатуға көмектесті.</p>
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	<p>Тәжірибе бойынша ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Тәжірибелік ұсыныстар жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын жақсартуға, экологиялық фактор мен жасөспірім қыздар (тұрғындар) арасында байланысты анықтауға, жасөспірімдердің медициналық сауаттылығын арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға негізделген.</p>
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	<p>Диссертациялық жұмысы жоғары академиялық деңгейде қазақ тілінде жазылған. Жұмыс кіріспеден, әдебиеттік шолудан, зерттеудің материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, қорытынды, тұжырым, тәжірибелік ұсыныстардан және қолданылған әдебиеттер тізімінен, бірнеше тіркелген қосымшалардан тұрады. Жазу стилі ғылыми және түсінікті</p>
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияны рецензиялау барысында техникалық және стилдік қателер докторант тарапынан түзетілді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертация тақырыбы бойынша Scopus ғылыми ақпараттық базасында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалара диссертациялық тақырыпқа толық сәйкес келеді, ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p>Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевнаның 8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламасы бойынша «Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық қырлары (Түркістан облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келеді.</p> <p>Докторант Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевна 8D10111 – "Қоғамдық денсаулық сақтау" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>

Ресми рецензент:

**Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Медицина және денсаулық сақтау факультеті,
«Мейіргер ісі» кафедрасының меңгерушісі,
медицина ғылымдарының докторы, профессор**



Д.А. Оспанова

